



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 15 маусым

АЭФ және ЭКСПО-2017 шеңберінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы журналистердің сұрақтарына жауап берді

Бүгін Астана экономикалық форумы және «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі шеңберінде Астана қаласында ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышевтың БАҚ үшін брифингі өтті.

Д. Ақышев журналистерді Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты және қаржы нарығындағы ағымдағы ахуал туралы хабардар етті.

«Қазақстан экономикасы соңғы екі жылдағы сыртқы және ішкі күйзелістерден кейін біртіндеп қалпына келуде, экономиканың өсуі 2017 жылғы бірінші тоқсанда нақты көрсеткіш бойынша 3,4%-ды құрады, – деп хабарлады Д. Ақышев. – Ағымдағы жылы инфляциялық процестердің баяулағанын атап өтеміз. Жылдық инфляция 6-8%-дық нысаналы дәліз шегінде. Бес айда тұтыну бағалары 3,3%-ға өсті, ал өткен жылдың осындай кезеңінде 4,2%-ға өскен болатын. Нәтижесінде жылдық инфляция мамырдың қорытындысы бойынша 7,5%-ға дейін төмендеді».

Оның айтуынша, халықтың инфляция деңгейіне қатысты күтулері тұрақты деңгейде. Инфляциялық күтулердің бір жыл алға арналған сандық бағасы – 6,1%. «Ұлттық Банктің болжамдары, сондай-ақ халықтың инфляциялық күтулері инфляцияның 2017 және 2018 жылдары нысаналы дәліз ішінде 2017 жылы 6-8% және 2018 жылы 5-7% болатынын көрсетіп отыр, – деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы. – Базалық мөлшерлеме Қазақстандағы ақша құнының негізгі көрсеткіші болды. Ол ақша нарығында, бағалы қағаздар нарығында және кредиттеуде теңге ресурстарымен әділ баға белгілеуді айқындайды. Бүгінгі күні базалық мөлшерлеменің мәні 10,5%-ды құрайды».

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы елдің ақша нарығындағы ахуалға баға берді

Ақша нарығында теңге өтімділігінің құрылымдық профициті сақталды. Бұл жайлы бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев журналистерге арналған брифингте жасаған баяндамасында хабарлады.

«Инфляция мен айырбастау бағамына қысымды шектеу мақсатында біз өтімділікті алуды жүзеге асырдық, ол қысқа мерзімді ноттарды шығару арқылы жүргізіледі. 2017 жылғы мамырдың соңында айналыстағы ноттардың көлемі 2,7 трлн. теңгеге жетті. Ноттарға деген сұраныс отандық қаржы ұйымдары, сол сияқты бейрезиденттер тарапынан байқалды», – деп хабарлады Д. Ақышев.

Оның айтуынша, соңғы 12 ай ішінде Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесіп

мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің тәуекелсіз қисығын қалыптастыру бойынша біршама алға жылжыды.

«Біз айналыс мерзімі 1 жылға дейінгі жеке ноттарды тұрақты түрде шығарамыз. Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап айналыс мерзімі 3 жылдан 10 жылға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды қайта бастады. Кірістілік қисығын құру бойынша жұмыс жалғастырылады», – деп атап көрсетті Д. Ақышев.

Теңгенің өзгермелі бағамы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін үздіксіз қамтамасыз етеді – Д. Ақышев

Валюта нарығындағы ахуал тұрақты және сыртқы, сол сияқты ішкі іргелі факторлардың ықпалын көрсетеді. Теңгенің өзгермелі бағамы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін үздіксіз қамтамасыз етеді. Бұл жайлы бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев БАҚ-қа арналған брифингте жасаған баяндамасында хабарлады.

Ол теңгенің жыл басынан бері 5,2%-ға нығайғанын және 13 маусымда бір доллар үшін 315,96 теңгені құрағанын хабарлады. «Ұлттық Банктің 2016 жылғы қыркүйектен бастап валюта нарығында өктемдік жүргізбейтінін атап өтемін», – деді Д. Ақышев.

Сондай-ақ ҚРҰБ басшысы елдің алтынвалюта резервтерінің ағымдағы жылғы бес айда 30,4 млрд. АҚШ долларына дейін 3%-ға өскенін хабарлады. Ұлттық Банктің деректері бойынша 62,7 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда елдің халықаралық резервтерінің жалпы сомасы 93,1 млрд. АҚШ долларына немесе ІЖӨ-нің 66%-на жетті.

«Халықтың ұлттық валютаға деген сенімі қалыпқа келуде және долларсыздандыру процесі жалғасуда. Теңгедегі депозиттер екінші ай қатарынан шетел валютасындағы депозиттердің үлесінен асып отыр – депозиттердің долларлануының жалпы деңгейі 2017 жылғы сәуірдің соңында 48,8%-ды, жеке тұлғалардың депозиттері 55,9%-ды, заңды тұлғалардың депозиттері 43,4%-ды құрады», – деп түсіндірді ол, банктердің экономикаға кредиттерінің 2017 жылғы сәуірдің соңында 12,6 трлн. теңгені құрады деп толықтыра отырып.

Қаңтар-сәуірде теңгедегі кредиттер 2,6 трлн. теңге сомаға берілді, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 20,8%-ға көп.

«Заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің 2016 жылғы желтоқсандағы 14,5%-дан 13,9%-ға дейін төмендеуі жалғасуда. Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға кредиттерінің барынша едәуір сомасы сауда, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және көлік сияқты салаларға тиесілі болды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 3,1 трлн. теңгені немесе банктердің барлық кредиттік портфелінің 24,3%-ын құрайды», – деп қорытындылады Д. Ақышев.

ҚРҰБ басшысы Д. Ақышев қаржы нарығындағы ахуал туралы айтып берді

Банк секторының жиынтық активтері 2017 жылғы 1 мамырда 25 трлн. теңге, несие портфелі – 15,2 трлн. теңге болды. Жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі басқарылатын деңгейде – банктердің несие портфелінен 8% болып сақталды. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін БАҚ-қа арналған брифингте жасаған баяндамасында хабарлады.

Ол сонымен қатар салымшылардың зейнетақы жинақтары бойынша статистика келтірді, олар 2017 жылдың басынан бері 240 млрд. теңгеге ұлғайып, 2017 жылғы 1 мамырда 6,9 трлн. теңге болды. Зейнетақы активтерін инвестициялаудан «таза» кіріс 2017 жылғы қаңтар – сәуірде 92 млрд. теңгеге ұлғайды, оның зейнетақы жинақтарындағы үлесі 33,4% болды деп хабарлады Д. Ақышев.

Д. Ақышевтың айтуынша, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2017 жылғы 1 мамырда 887 млрд. теңге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері – 497 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банк елдің қаржы секторын «қайта жаңғырту» шеңберінде Банк секторын қалыпқа келтіру бағдарламасының жобасын әзірледі. Банк секторын қалыпқа келтіру банктер активтерінің сапасын тәуелсіз бағалауды қамтиды, ірі банктерге банктерді үстеме капиталдандыруға акционерлердің ортақ қатысу қағидаттары бойынша мемлекеттік ресурстардың есебінен қолдау бағдарламасы ұсынылады», – деп жалғастырды ҚРҰБ басшысы.

Бұдан басқа, Д. Ақышев қор нарығының тартымдылығын арттыру және институционалдық инвесторлардың мүмкіндігін кеңейту мақсатында Ұлттық Банк эмитенттер мен инвесторлардың қор нарығындағы қызметін ырықтандырды деп хабарлады. «Қор нарығының инфрақұрылымы да жетілдірілуде, қаржы секторында жаңа технологиялар енгізілуде. Ұлттық Банк ағымдағы жылы Үкіметпен бірлесе отырып қор нарығын дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді жоспарлап отыр», – деп жоспарларымен бөлісті ҚРҰБ Төрағасы.

Өз сөзін қорытындылай келе Д. Ақышев «Ұлттық Банк халық үшін инвестициялық құралдарды кеңейту шегінде айрықша жеке тұлғалар үшін қысқа мерзімді ноттарды шығару туралы шешім қабылдады, жобаны 2017 жылдың екінші жартысында іске қосу жоспарланып отыр», – деп атап өтті. Жобада, оның айтуынша, «блокчейн» базасында электрондық ақшаны пайдалана отырып, Ұлттық Банктен тікелей қысқа мерзімді ноттарды сатып алуға және сатуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшаны әзірлеу көзделеді. «Блокчейн» технологиясы бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша ақпараттың айқындылығын, есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйені іске асыру кезінде Қазақстан Ұлттық Банкі абсолютті түрде жаңа екі функцияны жүзеге асырады: қысқа мерзімді ноттарды тікелей халыққа сатады және электрондық ақшаны шығарады», – деді Д. Ақышев.

Ол жоба шеңберінде қысқа мерзімді ноттарды сатып алу немесе сату жеке тұлғаның қаржы мекемесіне баруынсыз қашықтан тәсілімен жүзеге асырылады деп түсіндірді. Жүргізілген операциялар бойынша есеп айырысулар электрондық ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырылады.

«Болашақта бұл шешімдер басқа бағалы қағаздарды орналастыру үшін, мысалы, халық арасында IPO шеңберінде қолданыла алады. Мәмілелер делдал құрылымдардың қатысуынсыз, тікелей жасалады және қашықтан нақты уақыт режимінде орындалады», – деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz